

FTAMP 02.41.51

З.А. Құламанова¹ (orcid-0000-0001-7677-3622) – негізгі автор,
Г.Х. Бектлеуова² (orcid-0000-0001-6042-8963)

¹Фил. ғылым. канд., проф., ²Құқық магистрі, аға оқытушы
^{1,2}М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
e-mail: ziba_asilmura@mail.ru

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР МЕН ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР – РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІ

<https://doi.org/10.55956/UMBS9245>

Андатпа. Мақал-мәтелдер, қанатты сөздер әрбір халықтың белгілі бір тарихи кезеңдегі таным-түсінігінен, ұғымынан, өмір салтынан, сондай-ақ әр түрлі тақырыптағы әсемдік, ерлік, қайсарлық, тапқырлық, батырлық, ақылдылық, көрегендік т.б. талғамынан хабар беріп отыратындығы сөз етіледі. Сондықтан да ата-бабаларымыздың соңу замандардан, ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық өнерінің халықтық даналығы - мақал-мәтелдер, қанатты сөздердің шығу тегін тектеу, олардың болмысын тану, оның озық үлгілерін көркемдік, мәдениеттілік т.б. білім беру саласында ұғымды пайдалану - болашақ ұрпақ тәрбиелеу үшін өте маңызды іс екендігі қарастырылды. Мақал-мәтел, қанатты сөздерге талдау жасалды.

Тірек сөздер: халық, мақал-мәтел, қанатты сөздер, өнер, тәрбие, рухани мәдениет.

Кіріспе. Тіліміздегі мақал-мәтелдер, қанатты сөздер байқап отырсақ, рухани мәдениеттің негізі мен көрінісі болып табылады. Өйткені мақал-мәтелдер, қанатты сөздер - халықтық өнерді және олардың ақыл-парасатының шын сипатын түсіндіруіне алып келетін негізгі кілті.

Халық арасындағы қолданылып жүрген мақал-мәтелдер, қанатты сөздер - өзінің көркемдік, саналы мағынасымен, ұғымымен, бітім қасиетімен ғасырдан-ғасырға мұқият сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын алтын қазына болып саналады. Мақал-мәтелдер, қанатты сөздер әрбір халықтың белгілі бір тарихи кезеңдегі таным-түсінігінен, ұғымынан, өмір салтынан, сондай-ақ әр түрлі тақырыптағы әсемдік, ерлік, қайсарлық, тапқырлық, батырлық, ақылдылық, көрегендік т.б. талғамынан хабар беріп отырады. Сондықтан да ата-бабаларымыздың соңу замандардан, ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық өнерінің халықтық даналығы - мақал-мәтелдер, қанатты сөздердің шығу тегін тектеу, олардың болмысын тану, оның озық үлгілерін көркемдік, мәдениеттілік т.б. білім беру саласында ұғымды пайдалану - болашақ ұрпақ тәрбиелеу үшін өте маңызды іс болмақ.

Қазақтың мақал-мәтелдері мен қанатты сөздері – қоғамдағы рухани мәдениеттің негізі ретінде оның танымдық мәнін аңғартады. Тіл қолданысындағы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді мән-мағынасы, лексика-семантикалық тұрғыдан талдап, оның танымдық, тәрбиелік, логикалық сипатына сай зерттеу маңызды. Осы мақсатты іске асыру жолында халықтық педагогика, этнопедагогика негізінде барлық бағыттағы білім ошақтарында, тіпті күнделікті тұрмысымызда атқарылып жатырған тәрбиелік, тәжірибелік түрлі шаралар - ұлттық бағытқа бет бұрған соңғы кездің табысы, нәтижесі тақырыптың өзектілігі болып саналады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Халық даналығы болып саналатын мақал-мәтелдерді осы дәуірге дейінгі лингвистикалық (тілдік), әдеби, этнографиялық, мәдени, өнертану т.б. бағыттағы зертеулердің берген нәтижесін арқау ете отырып, қазақ халқының танымы, рухани мәдениетінен айрықша бір көрініс беретін түрі- күнделікті тілімізде қолданылып жүрген мақал-мәтелдер, қанатты сөздерді мақалада сипаттама, талдау, салыстыру т.б. әдістері арқылы қарастырдық.

Зерттеу нәтижелері. Қай халықтың болмасын ғасырлар бойы жиғанаған, өз тәжірибелерінде қолданған рухани тәлім-тәрбиелік қазынасы сан-салалы. Бұл материалдар жалпы кез халықтың мәдениеттің дамуына әртүрлі дәрежеде әсер ететіндігі анық. Ал сол этностың рухани қазынасы - мақал-мәтелдер, қанатты сөздердің сол халықтың қоғамдағы дүниетанымы мен санасының айқын айғағы болып танылады. Халықтың даналығы мен философиялық әсерлі толғанысының эстетикалық талғамыменен, сондай-ақ өркениеті мен мәдениетінің барша болмысының қайнар бұлағы болып саналады. Жер бетіндегі өркендеген халықтар өздерінің жасаған барлық материалдық-рухани байлығы мен жиһаздарын жинақтай, тек ғана өз бойларына, санасына сіңіріп ғана қоймайды. Халық ол рухани қазына байлықтарды ретке келтіріп жүйелей отыра хаттап, саралай зерделей, халық қажеттілігіне, тәрбиелеу мәселелеріне, мәдениеттілікке пайдалануымен бірге болашақ ұрпаққа мирас, мұра ету қамын жан-жақты ойластырған.

Бұл мәселеде, яғни мақал-мәтелдер, қанатты сөздердің рухани мәдениеттің негізі екендігінің маңыздылығы сол күнделікті тұрмыс-салтымыздан халқымыздың саналық, рухани сонымен қатар материалдық мәдениетін аңғартатын оның мән-маңызын білдіретін дүниелердің көбісі бірте-бірте санамыздан қолданыстан сиреп кетіп жатыр. Сонымен бірге кейбір тілдік қолданыстағы болған лексикалық материалдар да ішінара сөздік құрамнан, тілімізден жойылуда.

Шынтуайтқа келгенде, тілдік қолданыстағы лексикондарымыз тек тілдік материал ретінде ғана емес, олар халықтың санасын, көңіл-күйін, ұлттық бағыттағы психологиялық көзқарастарын, әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге қатысты ойлы сезімдерін, ұлттық шақышымен бояуы сіңген талғамдарын т.б. бейнелейтіндігі анық. Сондықтан да бұл мақаланы жазу барысындаға бетін нәтиже, қорытынды қазіргі кездегі кейбір қолданыстан шығып, сиреп бара жатқан мақал-мәтелдер, қанатты сөздер халқымыздың рухани мәдениетінің негізі екендігін дәйектеу және жаңғырту.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. «Мақал-мәтелдер–халық шығармашылығының төл жемісі» [1,3]. Мақал-мәтелдер, қанатты сөздер – рухани мәдениеттің негізі екендігі бізге халқымыздың басынан өткен түрлі қоғамдық, тұрмыс-салттық, әдет-ғұрыптық күнделікті қарым-қатынасы бойынша тілімізде қолданылып келген. Шындығында қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің шынайы ұлттық болмысын танытатын негізгі белгілер мен қағида тіл біліміндегі этнолингвистикалық қағида. Бұл тек ғана тілдік фактор, ақиқат емес, сол этносқа тығыз байланысты экстралингвистикалық (сырты) факторлармен де ерекше байланысты болады. Олар: Кез келген халықтың рухани қазынасы болып саналатын халық ауыз әдебиеті түрлері, яғни фольклоры арқылы тілдік материалдардың сол халық жадында молынан сақталуы. Ал қазақ қазақ халқының сөзге бай, тілге шешендігі ұлттық ерекшелік болып табылады. Бұл туралы шетел ғалымдарының еңбектерінен де анық байқаймыз. Сондықтан да қазақ халқының өткен өмірінің рухани байлығын әрқашан үлгі, өнеге етіп, ата-

бабаларымыздың шешендік шиырлары мен қолданыстағы барша тәрбиелік бағыттағы тақырыптарға арналған мақал-мәтелдері, қанатты сөздері, сөз тіркестері, фразеологизмдер, т.б. сол қалпында нақыштап сақтап, сонымен қатар күнделікті тұрмыста пайдалануға қажетті саналатын мәнді сөздерін ойлы, сырлы, астарлы сөзге қосып сақтап қалғандығын білеміз. Олар көбінесе жыр, дастан, өлеңдер, тәмсіл тәрбиелі сөздер, барлық халық ауыз әдебиетінің үлгілерінде, тіпті күнделікті қарым-қатынас жағдайларында да қолданып отырған.



Мақал-мәтелдер, қанатты сөздер қолданысы нәтижесінде сол халықтың даналығы, санасының айнасы айқындалады. Негізінен халқымыздың тілдік ортасында өте көп тараған, сондай-ақ ауыздан-ауызға көшіп, халық жадында көп сақталатыны –мақал-мәтелдер, қанатты сөздер болып келеді. Оны адам тәрбиесі, өмірден көрген білгені, қандай да бір қоғамдағы болып жатқан жағымды, жағымсыз іс-әрекеттерге қатысты үнемі қолданылып отыратын, адам жадында ұзақ сақталатын даналық сөздер. Сондықтан да жұртшылық соны ел жадында сақадай сай дайын тұрған қазына ретінде ұстап өзінің күнделікті өмірінде өзара қарым-қатынасында пайдалануға, сол арқылы өз ойын көрікті де бейнелі түрде білдіруге тырысады. Дей тұрғанменен, тілдік қолданыстағы мақал-мәтелдердің кейбір тұстарда өзара айырмашылықтарын аңғарып жатамыз. Сондықтан да төмендегі кестеде мақал мен мәтелге түсінік берілді.

Халық арасынан шыққан сөзге шешен, тілге жүйрік билер, ақын-жыраулар, шешендер, ойшыл ғұламалар, ақыл-парасатты азаматтар өз дәуірлерінде осы мақал-мәтелдер, қанатты сөздерді айтушылар болып саналған. Себебі оны бізге жеткен мақал-мәтелдер, қанатты сөздерден аңғарамыз.

Мәселен, халық арасында сирек қолданылатын біраз мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерге тоқталайық. Бұл мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді көнекөз кәрия 90 жастағы Самига ананың аузынан естіген едім. Адам баласының бір мәселелерде ашу шақырып, ызаланып, кектеніп отырғанын байқағанда: *Балам! «Оң қолыңа сол қолың аршасы болсын»; «Ас тасыса қатық төгілер, Ашу тасыса, ақыл төгілер»; «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, Ақылыңа ақыл қос»,* - деп отыратын.



Сондай-ақ «Жаны ашымастың қасында, басың ауырмасын», «Жартыны жарып жеген – татулықтың белгісі», «Қонағым, өз үйіңді де ойлай отыр» немесе «Қонағым, өзіңе де қарай отыр», - деп сынап тастайтын.

Мақал-мәтелде, қанатты сөздерде үнемі терең ой, ақыл, ұлағат берер мән-мағына болады. Олардың бірі жамандықтан арылтып жирендірсе, бірі жақсылыққа итермелеп сүйсіндіріп, соған еліктеуге жетелейді. Яғни мақал-мәтел, айтылған қанатты сөздер адам санасын өсіріп, жақсылыққа бағыттап, сөздік қорымызды толықтырады. Сол себепті де айтылған мақал-мәтелдер мен қанатты сөздің тәрбиелік мәні аса зор болып келеді.

Тілдік қолданысымыздағы мақал-мәтелдер, қанатты сөздер ерте замандарда өзінің тура мағыналарында пайда болып қалыптасқанмен де, сол тілді қолданатын этностың әлеуметтік, қоғамдық, рухани дамып, жаңғыруларына орай ауыспалы мағыналарына ыңғай қалыптасып, өзгереді. Сол себепті де кез келген этностың рухани өмірінің ішкі-сыртқы мән-мазмұнын аша тәрбиелілік, ақылдылық, даналық көзі болып саналатын мақал-мәтелдер, қанатты сөздердің негізгі табиғатын үңіле тану, білу үшін олардың тілімізде қандай тілдік, логикалық, танымдық, когнитологиялық, этнолингвистикалық, семантикалық заңдылықтар мен уәждер бойынша жасалып, қалыптасқанын білу қажет.

Қазақ тілі мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерге өте бай. Тілімізде молынан кездеседі. Тіпті қазақ мақалдамай немесе қолданыстағы тілінде қанатты, ғибартты сөздерді қолданбай сөз айтпайды десек, қателеспейміз.

Соған орай, осы қолданыстағы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің тақырыптары да сан алуан. Өйткені кез-келген этностың ұлттық ұжым, тайпа негізінде қалыптасқан ортасында мақал-мәтелдердің қарастырмаған мәселесі, көтермеген жан-жақты түрлі тақырыбы, сөз етпеген тұрмыстық жайы, табиғи құбылыстары мен заңдылықтары, салт-санасы, соның ішіндегі ұлттық санасы мен дүниетанымдық мәселелері кемде-кем екені анық.

Мұнда ең басты тақырып «адам», яғни тұлғаның жақсы-жаман әдеттері, мінез-құлқы, жағымды жағымсыз ерекше қасиеттері, сондай-ақ өнегелі өмірі, олардың кейбір бей-берекетсіз өткізіп жатқан тұрмыс-тіршілігі, өмірдегі жетістіктері мен көрген рахаты, шеккен азабы мен озбырлықтары, кейбір адамның жеке басының кемшілігі мен артықшылықтары, әдептілік, мәдениеттілік, имандылық, адамгершілік, этикалық және т.б. адам бойындағы болатын түрлі қасиеттер болып саналады [2].

Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер тақырыптары төмендегіше топтастыруға болады.

| | ТАҚЫРЫПТАР | № | ТАҚЫРЫПТАР |
|--|------------------------------------|----------|------------------------------------|
| | Адам туралы | 8 | «Жақсы» мен «жаман» жайында |
| | <i>Адамгершілік</i> | | <i>Жақсылық пен жамандық</i> |
| | <i>Ар мен ұят</i> | | <i>Әділдік пен зұлымдық</i> |
| | <i>Атақ, абырой, даңқ</i> | | <i>Шындық пен өтірік</i> |
| | <i>Адам қадір- қасиеттері</i> | | <i>Адалдық пен арамдық</i> |
| | Адамның мінез-құлқы | | <i>Еңбек, іскерлік пен олақтық</i> |
| | <i>Ерлік пен ездік</i> | | <i>Сақтық пен салақтық</i> |
| | <i>Жомарттық, сараңдық</i> | | <i>Асығыстық пен байыптылық</i> |
| | <i>Тәккапарлық, кішіпейілділік</i> | | <i>Шама мен болжам</i> |
| | <i>Мақтаншақтық,</i> | | <i>Сатқындық, жағымпаздық</i> |

| | | | |
|--|----------------------------------|-----------|--|
| | <i>ашушаңдық</i> | | |
| | <i>Қорқақтық</i> | 10 | «Бар» мен «жоқ» жайында |
| | <i>Еріншектік, жалқаулық</i> | | <i>Баршылық пен жоқшылық</i> |
| | <i>Күншілдік, маскүнемдік</i> | | <i>Бақыт пен баянсыздық</i> |
| | <i>Айыа пен күнә</i> | | <i>Байлық пен кедейлік</i> |
| | <i>Жаман мінез</i> | | <i>Аштық пен тоқтық</i> |
| | Адамның көңіл күйлері. | | <i>Денсаулық пен ауру жайында</i> |
| | <i>Қуаныш пен қайғы</i> | 11 | Рухани байлық |
| | <i>Көз бен көңіл</i> | | <i>Ақыл мен ой</i> |
| | <i>Махаббат пен мейірім</i> | | <i>Ақылды мен ақымақ</i> |
| | Туыстық, сыйластық | | <i>Дана, данышпан, ұлылық</i> |
| | <i>Отбасы, ерлі-зайыпты</i> | | <i>Өнер, Білім, Ғылым, Тіл өнері</i> |
| | <i>Әдеп, әдет және тәрбие</i> | | <i>Білімді мен білімсіз</i> |
| | <i>Ағайын, туыс; дос, жолдас</i> | | <i>Дін, діни наным, сенім</i> |
| | <i>Береке, бірлік, сыйластық</i> | 12 | Табиғат туралы |
| | <i>Қонақ, жолаушы туралы</i> | | <i>Жан-жануарлар, хайуанаттар</i> |
| | Отан, туған жер туралы | | <i>Төрт түлік мал</i> |
| | Халық туралы | 13 | Өмір туралы |
| | <i>Халық пен көпшілік</i> | | <i>Уақыт</i> |
| | <i>Әкімдер мен әкімгершілік</i> | | <i>Жастық пен кәрілік</i> |
| | <i>Жау мен дұшпан</i> | | <i>Өмір мен өлім</i> |
| | <i>Күштілік пен әлсіздік</i> | | <i>Жалғыздық туралы</i> |
| | Батырлық, ерлік туралы | 14 | Қоғам өміріне байланысты мақал-мәтелдер |

Мәселен, сараң адамға қатысты «Берместің сылтауы көп», ал жағымпаз, тек қана өзінің күйін күйттейтін, қолынан жақсылық келмейтін надан, жетесіздерге қатысты: 1. «Жағымпаз, надан Жаудан жаман»; «Әлсіз адам – жағымпаз, Кебез адам – қырымпаз» және т.б.

Енді «жақсы» мен «жаман» жайында: «Жақсылыққа – жамандық, Адамдықтың ісі емес»; «Жақсы адам – елдің ырысы, Жақсы сөз - жанның тынысы»; «Жетең жаман болмаса, жете жарлы болмассың»; «Жаманмен егескенше, Жақсымен кеңес»; «Қолы ашықтың – жолы ашық»; «Азға қанағат, көпке шүкір»; «Жақсы байқап сөйлер, Жаман шайқап сөйлер»; «Орнында бар оңалар»; «Жақсы ниет – жарым ырыс»; «Жаман көлдің суы ащы, Жаман адамның тілі ащы»; «Жаман ісінен көрмейді, Кісіден көреді»; «Жақсы сөз – сүйіндіреді, Жаман сөз – күйіндіреді» және т.б.

Жоғары айтылған тақырыптарға сәйкес күнделікті тұрмысымызда қолданылып жүрген мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерге мысал келтірсек, олардың орынды қолданысы мен жүйесінің тетігін білу, өмірдің түрлі, қилы-қилы жағдайларына қарай өзімен бірге өріліп жатқан шындықты дәлелдейді.

Тәрбиелік мәні бар мақал-мәтелдерді деректі, уәжді сөз өрнегімен дөп басып, дәл тауып айта білу шеберлік. Сол мағыналы сөзді өз аясына сыйдырып нақты айта білген ата-бабаларымыздан жеткен, қазіргі кезде де өз мәнін жоймаған, қажетті болып тұрған айтар ойын дәлелдеп жеткізе білген асыл қазынамыз деп білеміз.

Қай мақал-мәтелді алсақ та ой жүйелілігі, тақырып жүйелілігі мағына-мазмұн жүйелілігі, сайып келгенде, әрбір мақал-мәтелдің, қанатты сөздерді мағына, мазмұн, тақырып, логика жағынан іште шоғырланып тұрған

топтардың ішкі сырына, ұлттық салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік өзіндік дүниетаным т.б. ментальдық қасиеттерді дұрыс танып, түсіне білуге байланысты болып келеді.

Мәселен, «Үйінде асы жоқтың, Түзде досы жоқ»; «Білімсіз адамның сөзі –білектей, Білімді адамның сөзі – жібектей»; «Дін –қараңғы ін»; «Нан - тамақтың атасы, Ынтымақ – көптің батасы»; «Қай жерің ауырса, Жаның сол жерде»; «Кішіпейілділік - кісінің көркі»; «Әділ істің - арты игі»; «Сәттілікке – тәттілік»; «Еңбек ептілікті сүйеді»; «Берейін деген құлына Шығарып қояды жолына»; «Қылыш тәнді жаралайды, Өсек жанды жаралайды»; «Алаңғасар адамнан Ақау шықпай қалмайды»; «Босаң адам болмашыға өкпелейді»; «Ойлай білсең, дана боларсың ,Ойнай берсең, бала боларсың»; «Ақыл ауысады, Ырыс жұғысады»; «Ақыл азбайды, Білім тозбайды»; «Өзің білме, білгеннің тілін алма»; «Тәуекелшіл тайынбайды»; «Кәсіп, кәсіп түбі – нәсіп»; «Жауға жалынба, Досқа тарылма»; «Өз қатесін көрмеген,Кісі қатесін сезбейді»; «Адам көңілінен азады. Тілінен жазады»; «Талап – талмас қанат»; «Қысыр сөзде қырсық көп»; «Сұмырай келсе, су құрар»; « Дос табу оңай – сақтауы қиын, Жау болу оңай – тоқтауы қиын» және т.б. көптеген жан-жақты тақырыпты қамтыған халықтың асыл сөз қазыналары мол.

Ал ғұламалар, ғалымдар, би, шешендердің айтқан ғибартты қанатты сөздерінде қаншама мағына, мазмұн тәрбие жатыр. Мәселен, Ә. Науаидің оқу, білім, ғылымға қатысты «Білмегенді сұрап үйренген – ғалым, Арланып сұрамаған – өзіне залым» деген сөзі[1,139]. Ал А.Йүгінескидің «Әдептің басы – байқап сөйлеу»; «Игілікті өсек бұзады», - деген қанатты сөздері түсінген адамға қандай мағыналы, бере тағылымы мол [1,159].

Қорыты.ды. Қорытындылай келе болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде, оларды өмірге бейімдеуге ұлтымыздың жақсы әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін үйретіп, халқымыздың асыл қазынасы болып саналатын мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін саналарына, бойларына сіңіру, сол арқылы оларды мейірімділікке, мәрттікке, білімділікке, адамгершілікке, азаматтық-адамдық ерлікке, адалдыққа, тәрбиелеу - қазіргі таңның көкейтесті мәселесі.

Сонымен мақал-мәтелдер мен қанатты, ғибратты сөздер белгілі бір жағдайды тұжырымдап, ой қорытатын, яғни ойды құрастырушы, өз бойына сіңірген ұлттық рухты жеткізуші тілдік құрал. Олардың өзіндік жасалу жолы, тарихы, уәжілік негіздері бар, қалыптасқан құрылымдық қалпы мен поэтикалық әуезділігі бар көркемсөз өрнегімен өрілген ой-толғаныстардың өмір шындығы туралы тілдік бейнесінің берілуі.

Бұл көркем тіл, шешендік арқылы бүкіл халықтың рухани қазынасын бойына жинап сақтайтын, ұлттық рухтың табы сіңген рухани дүние, халық жадында сақталған лексикалық материал болып саналады.

Тіл білімінде мұндай халық қазынасы болып саналатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді зерттеп зерделеудің қажеттігі ұлттық және рухани мәдениетіміздің жаңғыруымен, соны бейнелеуші, бүгінгі күнге жеткізуші ана тіліміздің қадір-қасиетінің арта түсуімен байланысты. Сондықтан да тіліміздегі мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер рухани мәдениетіміздің негізі екендігі анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Құрышжанов, Ә. Сөз атасы. Мақал мәтелдер мен қанатты сөздер [Мәтін] / Ә.Құрышжанов. –Алматы: Жазушы, 1987. -208б.

2. Тұманжанов, Ө. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері [Мәтін] / Ө. Тұманжанов.– Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1959.-301б.

Мақала редакцияға 20.06.23 түсті.

З. Куламанова¹, Г.Х.Бектлеуова²

^{1,2}М.Х. Таразский региональный университет имени Дулати, Тараз, Казахстан

ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ – ОСНОВА ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация. В основе пословиц, крылатых выражений лежат знания, понятия, образ жизни каждого народа в определенный исторический период, а также доброта, отвага, изобретательность, героизм, ум, дальновидность и т. д. на различные темы. упоминается, что он сообщает о вкусе. Вот почему народная мудрость народного искусства, которую издревле прославляли и лелеяли наши предки, состоит в том, чтобы выявить происхождение пословиц, крылатых выражений, распознать их суть, показать их передовые образцы искусства, культуры и т. Считалось, что использование концепции в сфере образования очень важно для воспитания будущих поколений. Были проанализированы пословицы и поговорки.

Ключевые слова: люди, пословицы, крылатые слова, искусство, образование, духовная культура.

Z. Kulamanova¹, G.H.Bektleuova²

^{1,2}M.Kh. Taraz Regional University named after Dulaty, Taraz, Kazakhstan

PROVERBS AND SAYINGS ARE THE BASIS OF SPIRITUAL CULTURE

Abstract. Proverbs and popular expressions are based on knowledge, concepts, the way of life of each people in a certain historical period, as well as kindness, courage, ingenuity, heroism, intelligence, foresight, etc. on various topics. it is mentioned to report taste. That is why the folk wisdom of folk art, which our ancestors glorified and cherished since ancient times, is to identify the origin of proverbs, popular expressions, recognize their essence, show their advanced examples of art, culture, etc. It was believed that the use of the concept in the field of education is very important for the education of future generations. Proverbs and proverbs were analyzed.

Keywords: people, proverbs, winged words, art, education, spiritual culture.

References

1. Kuryshzhanov, A. Söz atası. Maqal mätelder men qanattı sözder [Father of the word. Proverbs and proverbs] [Text]. -Almaty: Writer, 1987. -208p.
2. Tumanzhanov, O. Qazaqtıñ maqaldarı men mätelderi [Kazakh proverbs and proverbs]. - Almaty: Fiction publishing house, 1959.-301p.